

# «Алтыншаш-ана» бөбекжай балабақшасы

## Хаттамасы № 1

Меңгеруші жанындағы

2024-2025 оқу жылына арналған кеңес отырысы

Қажымұқан ауылы

05.09.2024 жыл

Қатысуға тиіс: 25

Қатысқаны: 0

### **Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы: - күн тәртібі; - топтардың санитарлық жай-күйі: - топтар бойынша құжаттаманың жай күйі.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жөніндегі нұсқаулықтардың орындалуы.
3. Педагогтардың : - аттестаттаудың; - біліктілігін арттырудың; - байқауларға қатысудың; - баспасөзге мақала жариялаудың жоспарын бекіту
4. Әртүрлі мәселе

**1 – мәселе** бойынша балабақша меңгерушісі құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының, күнделікті сабақ жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс - құжаттарын жүйелігін айтты. Және міндетті құжаттар тізбесі ҚР оқу-ағарту министирлігінің №130 бұйрығы бойынша жинақталады. Міндетті үш құжат: перспективалық жоспар, апталық циклограмма, мониторинг.

**2 – мәселе** Мектепке дейінгі мекеменің әкімшілігі мен тәрбиешісі топқа келген әр баланың өмірі мен денсаулығын қорғауға жеке жауап береді, жарақаттанудан сақтандыруға ерекше назар аудара отырап балалардың барлық режимдік сәттеріндегі қауіпсіз мінез-құлықтарын бақылауды іске асырады. Мектепке дейінгі ұйым басшысының, жедел жәрдем мен өрт сөндіру және басқа да апаттық қызметтердің мекенжайлары мен телефон нөмірлері балабақшада көрінетін жерде орналасуы тиіс. Тәрбиеленушілерді таңертең қабылдағанда ата-аналардан тәрбиеленушінің көңіл-күйі туралы сұрау және оның денсаулық жағдайын қарау жүзеге асырылуы қажет. Тәрбиеленушінің ауырып тұрғаны байқалса балабақшаға жіберу туралы шешім қабылдау үшін медициналық қызметкердің қарауына жіберіледі.

Тәрбиеші тәрбиеленушілердің күні бойы денсаулығындағы барлық ауытқулар туралы ата-аналарды немесе заңды өкілдерді уақтылы хабардар етуге міндетті екендігін балабақша әдіскері түсіндіріп өтті.

**3 – мәселе** бойынша балабақша әдіскері Болысбаева Мөлдір Педагогтардың : - аттестаттаудың; - біліктілігін арттырудың; - байқауларға қатысудың; - баспасөзге мақала жариялаудың жоспарын бекіту жоспарымен таныстырып өтті.

**4 – мәселе** бойынша «Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысы жүргізілді», - деді балабақша меңгерушісі. Естаева Асия балаларға қажетті оқу құралдары түгелденді. Әр топ балалардың денсаулығы, оқуға қабілеттері бақыланды..

**Шешімі:** Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы: - күн тәртібі; - топтардың санитарлық жай-күйі: - топтар бойынша құжаттаманың жай күйі қанағаттанарлық деп есептелсін

2.Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жөніндегі нұсқаулықтардың орындалуы жүйелі жүргізілсін

3.Педагогтардың : - аттестаттаудың; - біліктілігін арттырудың; -байқауларға қатысудың; - баспасөзге мақала жариялаудың жоспарын бекітілсін

4.Әртүрлі мәселе

Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша меңгерушісіне жүктелсін.

**Кеңес төрайымы:**  **А.Б Естаева**

**Хатшы:**  **Иманкулова Л**

**ЖШС «Алтыншаш-ана» бөбекжай балабақшасы**

**Хаттамасы № 2**

*Меңгеруші жанындағы*

*2024-2025 оқу жылына арналған кеңес отырысы*

Қажымұқан

ауылы

16.10.2024 жыл

қатысуға тиіс: 25

қатысқаны:

***Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:***

1. Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалу туралы.
2. Педагогтердің күн тәртібін сақтау жөніндегі жұмыс деңгейі, серуенді бақылау
3. Балалардың қатысуы мен ауруға шалдығушылық деңгейіне талдау жасау.
4. Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша инновациялық технологияларды қолдану деңгейі

***Тыңдалды :***

***1 – ші мәселе*** бойынша балабақша меңгерушісі топтардағы күн тәртібін сақтау серуенді бақылау бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Бақылаудың мақсаты күн тәртібінің режимдік сәттерінің орындалуы. Бйылғы оқу жылында әдістемелік нұсқау хатта серуенді бақылаудың арнайы үлгісі берілгендігін сол бойынша бақылау жүргізілгендігін соның нәтижесінде алдағы уақытта Серуенді ұйымдастыру бойынша шебер снып ұйымдастырылатынын айтты.

***2 – ші мәселе.*** . Балалардың қатысуы мен ауруға шалдығушылық деңгейіне талдау жасау. балабақша медбикесі Смаханқызы Паридаш балалардың балабақшаға қатысуының талдауын жасады. Балалардың балабақшаға қатысу пайызы 88,6 пайызды құрағанын, және қыс мезгілі болғандықтан ЖРВИ ауруы орын алғанын ,басқа жұқпалы ауру түрі тіркелмегенін айтып өтті.

балабақша медбикесі Смаханқызы Паридаш 2024 – 2025 оқу жылының қаңтар айында әр топ ата – аналарымен кезекті жиналыстарына қатысқандығын айтты. Ондағы мақсаты: ата – аналарға бала тазалығы және кейбір аурулардан сақтану үшін әртүрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды. Атап айтатын болсақ, «Суық тимесін» тақырыбындағы баяндамасын 4 топқа да оқығандығын айтты. Себебі, күздің алғашқы кездеріндегі суық балаларды ауыртады. Балаларды жылы киіндіріп әкелу, гигиеналық тазалық шараларын сақтау басты назарда болуын ескерте отырып, егер бала ауырған жағдайда бірден бізге ескертіп немесе ауылдық амбулаторияға қаратуларын атап өтті. Сондықтан күз кезінде балаларды тұмаудан ауырмаудың алдын алу шараларын жүргізу керек айтты. Тұмаудан құтқарудың бірден бір жолы вакцина егтіру екендігін, оны жыл сайын егтіру қажет. Өйткені тұмаудың вирусы үнемі өзгертіп отырадығын және балабақшаға әкелер кезде 0,25% оксалин мазын үнемі жағып келулерін ескертті. Балаларға арналаған «Поливит», «Дуавит», «Центрум» сияқты поливитаминдерді беріп жүрулерін айтты.

**4 – ші мәселе** бойынша Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша инновациялық технологияларды қолдану деңгейі таңертеңгілік жаттығу, ұйымдастырылған іс-«рекеттерде денсаулық сақтау технологиясын жүйелі жүргізуді, жаңа технологияларды іздену жөнінде өз ұсыныстарын білдірді

### **Шешімі:**


1. Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалу туралы.
2. Педагогтердің күн тәртібін сақтау жөніндегі жұмыс деңгейі, серуенді бақылау бойынша жұмыстар күнделікті жүргізілсін.
3. Балалардың қатысуы мен ауруға шалдығушылық деңгейіне талдау жасалып прафилактикалық жұмыстар жүргізілсін.
4. Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша инновациялық технологияларды қолдану деңгейі қанағаттанарлық деп есептелсін.

**Кеңес төрайымы:**



**А.Б Естаева**

**Хатшы:**



**Иманкулова Л**

«Алтыншаш-ана» бөбекжай балабақшасы

Хаттамасы № 3

Меңгеруші жанындағы

2024-2025 оқу жылына арналған кеңес отырысы

Қажымұқан ауылы

19.11.2024

Қатысуға тиіс:

Қатысқаны:

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Өткен жыналыстағы қаулылардың орындалу туралы.
2. Еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқаулық.
3. Күн тәртібінің орындалуы.

1-мәселе. Өткен кеңестегі шешім еткен мәселелер күнделікті орындалуда деп балабақша әдіскері есеп берді.

2-мәселе. Келесі сөзді әдіскер Болысбаева Мөлдір алып, еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықпен таныстырды

3 – ші мәселе бойынша балабақша медбикесі балабақшадағы сауықтыру шараларын өткізу әдісіне тоқталып өтті. Барлық топ бойынша таңертеңгілік жаттығулардың жүргізілу барысын бақылағандығын айтты. Балабақшадағы дене жаттығулары мынадай түрлерге бөлінеді: таңертеңгілік жаттығу, қимылды ойындар, спорттық жаттығулар. Таңертеңгілік жаттығулар балалардың бойын сергітіп, жақсы көңіл күй сыйласа, қимылды ойындар балалардың ақыл – ой дамытады. Сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал таңертеңгі жаттығулар. Күнделікті белгілі бір уақытта әр топ балаларының жас ерекшеліктерін ескеріп, таңғы жаттығу ұйымдастырылады. Саяхат сабақтары тұрақты түрде жүргізіліп отырады. Айта кететін болшақ «Біз саяхатқа шығамыз» атты , экскурсия сабақтары , «менің ауылым » сынды саяхат сабақтары жүргізіліп отырады.

**Шешімі:**

1. Еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықпен таныстырылсын


1. Балаларға сауықтыру шараларын тұрақты түрде жүргізілуін қадағалау балабақша медбикесіне жүктелсін.

Кеңес төрайымы:



А.Б. Естаева

Хатшы:



Иманкулова Л

**ЖШС «Алтыншаш-ана» бөбекжай балабақшасы**

**Хаттамасы № 4**

*Меңгеруші жанындағы*

*2024-2025 оқу жылына арналған кеңес отырысы*

**9.12.2024 ж**

**Қатысуға тиіс: 25**

**Қатысқаны: 0**

***Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:***

1. Балалардың ауруға шалдығуына талдау мен жарты жылдық есебі
2. Жаңа жылдағы ертеңгіліктердің өту сапасын талқылау

1-мәселе. Бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі сөз алып бірінші жарты жылдықтағы балалардың ауруға шалдығуына талдау жасады, қыз мезгіліне байланысты ЖРВИ ауруынына шалдығу деңгейі тұрақты болды, басқа жұқпалы аурулар тіркелмеді балалардың балабақшаға қатысу пайызы 88,6 пайызды құрады.

2-мәселе. Келесі сөзді әдіскер алып, жаңа жылда ертеңгіліктердің өткізілу сапасына тоқталды, барлық топ қауіпсіздік ережелерін сақтау, ертегі персонаждары балаларға қызықты тартымды болу керектігі және сценарилерді талқылап бекітті

**Шешім**

Балалардың ауруға шалдығуына талдау мен жарты жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.


Жаңа жылдағы ертеңгіліктерді өткізу деңгейі жоғары дәрежеде өтілсін қауіпсіздік ережелері сақталсын.

**Кеңес төрайымы:**



**А.Естаева**

**Хатшы:**



**Иманкулова Л**

**ЖШС «Алтыншаш-ана» бөбекжай балабақшасы**

**Хаттамасы № 5**

*Меңгеруші жанындағы*

*2024-2025 оқу жылына арналған кеңес отырысы*

**Қажымұқан ауылы**

**14.01.2025**

**Қатысуға тиіс: 25**

**Қатысқаны:**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалуы туралы
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және ұйымдастыру.
3. Тамақтандыру жүйесі бойынша тексерудің қорытындысы

1-мәселе. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Естаева Асия сөз алып бірінші өткен педагогикалық кеңесте қаралған шешімнің орындалуы жөнінде хабарлама жасады..

2-мәселе. Келесі сөзді әдіскер Болысбаева Мөлдір алып, жаңа жылда ертеңгіліктердің өткізілу сапасына тоқталды ,барлық топ балалары ертеңгілікке қатысып,балаларға тамаша көңіл күй сыйлай білді ,ертеңгіліктер сценарилері әдіскерге тапсырылды.

3-мәселе. Бойында балабақша медбикесі Смаханқызы Паридаш есебі тыңдалды. Тамақтандыру жүйесі бойынша ас блогының санитарлық-гигиеналық, , балабақша асханасында азық-түліктерді уақытылы пайдалану, олардың сақталу мерзімі, перспективалық мәзірдің және күн сайынғы мәзірдің дайындалған астардың сәйкестігін тексеру, оқушылардың қол жуатын орындары, астарды тоңазытқыштарда, қоймаларда, сақтау, ас әзірлейтін блоктың санитарлық жай-күйі , келіп түскен тамақ өнімдерінің сапасын, дайын тағамның сапасын бақылау мақсатында кезекті тексеру жүргізді. Тексеру барысында қол жуғыш құралдарында сабын, гигиеналық заттар түгел болып шықты. Технологиялық құралдары түгел, бірақ та электроқуатты пеш жұмысы баяу қызатындығы байқалды, механикалық

желдету жұмыс жасап тұр, жерге тұйықталған, дегенмен резеңке кілемшелер болмай шықты. Ас блогында жұмыс үстелі жеткілікті. Сондай-ақ, пышақтар, тақтайшалар толық таңбаланбаған, шикі және даяр азық-түліктерге, нан өнімдері мен көкөністерге арналған орындар 1 пайыз уксус ерітіндісімен өңделеді. Нан сақтауға арналған сөрелерді өңдеуге арналған 1% сірке суы ерітіндісі бар, ыдыс жуу тәртібі орындалып, ережесі сақталады. Ас блогының санитарлық-гигиеналық жағдайы қанағаттанарлық.

### Шешімі:


1. Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалуы туралы есебі қанағаттанарлық деп есептелсін
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және ұйымдастыру сапасы жоғары дәрежеде деп есептелсін
3. Тамақтандыру жүйесі бойынша тексерудің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

**Кеңес төрайымы:**



А.Естаева

**Хатшы:**



Иманкулова Л

**ЖШС «Алтыншаш-ана» бөбекжай-балабақшасы**

**Хаттамасы № 6**

*Меңгеруші жанындағы*

*2024-2025 оқу жылына арналған кеңес отырысы*

04.02.2025 жыл

қатысуға тиіс: 25

қатысканы:

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

- 1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау.**
- 2. Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы.**
- 3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу.**
- 4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.**

**Тыңдалды :**

**1 – ші мәселе** бойынша балабақша меңгерушісі Естаева Асия топтардағы табиғат бұрышын ұйымдастырылуын бақылады. Ондағы мақсаты топ бүлдіршіндерінің табиғатқа қамқор болуға, гүлдерді аялап баптай білуге баулу. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Балалармен сабақтан тыс уақыттарда табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен гүлдерге күтім жасалынады. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Мысалы, ас әзірлеу, оқу құралдарын тарату, жинау және табиғат бұрышында еңбек ету. Барлық топтарда гүлдерге күтім жасау үшін еңбек құралдары және арнайы киімдері бар. Күніне екі балаладан кезекшілік жасайды. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суғару, айналасын сүрту, түбін қопсыту күнделікті кезекшілікпен жүргізілетіндігі айтылды.

**2 – ші мәселе** бойынша әдіскер топтардағы тәрбиешілердің және пән жетекшілерінің күнделікті оқу іс - әрекеті жоспарларының уақыты бекітілетіндігін айтты.

**3 – ші мәселе** бойынша балабақша медбикесі Смаханқызы Паридаш 2024 – 2025 оқу жылының қаңтар айында әр топ ата – аналарымен кезекті

жиналыстарына қатысқандығын айтты. Ондағы мақсаты: ата – аналарға бала тазалығы және кейбір аурулардан сақтану үшін әртүрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды. Атап айтатын болсақ, «Суық тимесін» тақырыбындағы баяндамасын 4 топқа да оқығандығын айтты. Себебі, күздің алғашқы кездеріндегі суық балаларды ауыртады. Балаларды жылы киіндіріп әкелу, гигиеналық тазалық шараларын сақтау басты назарда болуын ескерте отырып, егер бала ауырған жағдайда бірден бізге ескертіп немесе ауылдық амбулаторияға қаратуларын атап өтті. Сондықтан күз кезінде балаларды тұмаудан ауырмаудың алдын алу шараларын жүргізу керек айтты. Тұмаудан құтқарудың бірден бір жолы вакцина егтіру екендігін, оны жыл сайын егтіру қажет. Өйткені тұмаудың вирусы үнемі өзгертіп отырадығын және балабақшаға әкелер кезде 0,25% оксалин мазын үнемі жағып келулерін ескертті. Балаларға арналаған «Поливит», «Дуавит», «Центрум» сияқты поливитаминдерді беріп жүрулерін айтты.

**4 – ші мәселе** бойынша күнделікті таңертең келген ата – аналармен, балалармен амандасып, балалардың таңертеңгілік көңіл күйлерін бақылағандығын айтты. «Жылулық шеңбері» арқылы көңіл күйлерін көтеріп және балалардың уақытылы тамақтануын, гигиеналық тазалықтарын қадағалағандығын айтты. Оқу іс – әрекетінде тәрбиешілердің күнделікті жазылатын технологиялық карталарын бекітіп, оқу іс - әрекетіне қажетті құрал – жабдықтарын тексерді. Оқу іс – әрекет процесіне қатысқандығын айтылды. Серуен кезінде балаларды күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылатып, ойын алаңында қызықты ойындар ойнатылғандығын бақыланды. Түскі ас кезінде балалардың дұрыс тамақтақтанулары қадағаланды. Балаларды тәтті ұйқыға жатқызу кезінде ертегілерді айтқандары бақыланды. Ұйқыдан ояңған кезде сергіту жаттығулары, ойындар мен шынықтыру шаралары ұйымдастырылғандығын айтты. Балаларға бесін тамақ берілгеннен кейін, әртүрлі сюжеттік, рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар ойнатылғандықтары бақыланды. Үлкен топтарда варитативтік сабақтар өз уақытында өткізілгендігін айтты. Балаларды үйлеріне шығарып салғандарын бақылағандығын айтты.

### ***Шешімі:***

- 1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау жұмыстар жалғастырылысын.***
- 2. Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы жақсарту жұмыстарына қосымша инновациялық жоспарлар жасалынсын.***


3. Топтардагы ата – аналар жиналысын өткізу багыттары нақтылансын.
4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыруға жауапты балабақша медбикесі және әдісері болып табылсын.

Кеңес төрайымы:



А.Естаева

Хатшы:



Иманкулова Л